

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
ДЕПУТАТЫ



ДЕПУТАТ
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
201__ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Астана, Мажиліс Парламента
«__» _____ 201__ года

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрі
Б.Ә. Сағынтаевқа

2017 жылғы 20 қыркүйекте
жарияланды

Депутаттық сауал
Құрметті Бақытжан Әбдірұлы!

Біздің көтергелі отырған депутаттық сауалымыз жалпы білім беретін мектептерде педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру мен қайта даярлауға қатысты болып отыр.

Сауал көтеруге негіз болған жәй жақында барлығыңыз куә болған Алматы облысы Талдықорған қаласында 300 педагог мамандардың ағылшын тілінде білімін жетілдіру курсы бойынша ұйымдастыру жұмыстарындағы орын алған кемшіліктердің жіберілуінде болып отыр.

Осы орайда курсты ұйымдастыру жұмыстарын қолға алған кезде бірнеше түсінбестік сұрақ туындайды:

- Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) тарапынан осыншама көп педагогтің ағылшын тілінде білімін жетілдіруді осы саладағы тәжірибесі аз, материалдық базасы жоқ «PROFESSIONAL CENTRE» ЖШС-не беріп қоюы;
- оқитын ғимараттың ішінде құрылыс жұмыстарының жүруі, материалдық-техникалық базаның уақытылы дайын болмауы, олардың жатып-тұратын жатақханалардың дер кезінде берілмегендігі мен ұйымдастыру жұмыстарының науқандыққа салынғандығы;

001716

- «PROFESSIONAL CENTRE» ЖШС оқу орталығының жергілікті білім басқармасымен келісім-шарт болмағандықтан білім жетілдіру курстарын ұйымдастырғанда педагог кадрлардың сандық және сапалық құрамына талдау жүргізілмегендігі;
- Ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында білімін жетілдіретін педагогтердің іске асырылатын білімін жетілдіру курстары бойынша ақпараттың толық хабарланбағандығы, ол өз тарапынан жергілікті білім беру мекемелері басшылары тарапынан іс-сапарға кетіп бара жатқан мұғалімдерге болжалды болатын шығыс қаражаттарын есептеу үшін іс-сапарда болған кезде жол сапар шығыны мен тамақтану, тұрғын үйді жалдап тұруға кететін қаржы жөнінде ақпараттың толық берілмеуінен орын алып отыр.

Білім және ғылым министрлігі 2016-2017 оқу жылындағы 7100 мектепте жұмыс істейтін 84,7 мың (2016 жылғы есеп бойынша) педагогтардың біліктілігін арттыруды негізінен «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы арқылы және 20 «Назарбаев Зияткерлік» дербес білім беру ұйымының Педагогикалық шеберлік орталығымен жүргізеді. Бұл дұрыс, өйткені ұлттық орталықтың барлық облыста аудиториялық қоры жеткілікті ғимараты, ғылыми атақтары мен арнайы сертификаттары бар білікті оқытушы-тренерлер құрамы, жатақхана және кітапханалармен қамтылған институттары бар. Сонымен қоса, сол аймақтық атқарушы органдарымен жасаған келісім-шарттары бар. Осы себепті Ұлттық орталық жыл сайын жоспарлы түрде 60 мыңнан астам педагогтің біліктілігін сапалы деңгейде көтеріп келеді.

Осыған орай, Министрлік ағылшын тілін меңгерту сияқты аса жауапты Елбасымыздың тапсырмасын оқу базасы жоқ, кадры жеткіліксіз, жергілікті атқарушы органдармен байланысы жолға қойылмаған «PROFESSIONAL CENTRE» ЖШС сияқты тіл үйрету орталығына тапсырғаны елдің наразылығын тудырады.

Осы депутаттық сауалға жауапты «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңының 27-ші бабына сәйкес жазбаша беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен,

Депутаттар, «Нұр Отан» партиясы

фракциясының мүшелері

 Абай Тасболатов

 Әбдіманап Бектұрғанов

Орындаған: Т. Мусаев
Тел. 74-65-41